

Қызылорда облысында «Жастар жылын» өткізу жөніндегі КЕШЕНДІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ (2019 жылдың ІІ жартыжылдығы)

Table with 5 columns: № р/с, Іс-шара атауы, Орындалу мерзімі, 53-102 (Detailed list of activities and dates)

БРИФИНГ

2020 ЖЫЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ЕКІ ТҮРЛІ ПАКЕТ БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСПАҚ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Руслан Бектібаевтың қатысуымен брифинг болып өтті. Онда 2020 жылдан бастап медициналық көмекті алу мәселелері сөз болды.

Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Филиал директорының айтуынша, облыс бойынша бүгінде қормен келісімшарт бекіткен жеткізуші компанияларға 23,9 млрд теңге төленген. Биыл МСК кепілдендірілген көмек түрлерін қорсетуге ниет білдірген медицина ұйымдарымен 42,4 млрд теңгенің келісімшарты бекітілген екен. Бұл өткен жылы бөлінген қаржыдан 8,5 процентке артық.

Қазіргі күні кестеге сай жұмыс жүргізілуде. Бөлінген қаражат медицина мекемелерінің операциялық шығындарын өтеуге толық жеткілікті. Осы жылы мемлекеттік тапсырысты орындауға 74 медицина ұйымы атсалып жатыр. Оның 44-і жеке меншік клиника. Бір айта кетерлігі, мемлекеттік тапсырыс аясында мемлекеттік көмек көрсетуге дайын жеке медициналық ұйымдардың саны бойынша біздің аймақ көпбасшылар қатарында, – деді Р.Бектібаев.

2020-2022 жылдарға арналған бюджет жобасында 2020 жылы медициналық көмекке жұмсалатын қаржы 1 трлн 620 млрд теңгенің құрамы. Оның 967,7 млрд теңгесі тегін медициналық көмекке жұмсалатын болса, 652,8 млрд теңгесі сақтандыру пакеті бойынша қорсетілетін қызметтерге арналған.

Жиын барысында Руслан Фаризұлы қаражаттың қандай салаға пайдаланылатындығын да тілге тиек етті. Мәселен, ең алдымен қосымша қаражат бастапқы медициналық-санитарлық көмек, емханалық-амбулаторлық көмек саласындағы жан басына шаққандағы норматив пен жедел жәрдем секілді профилактикалық шараларды күшейтуге бағытталмақ. Осы ретте консультативтік-диагностикалық қызметтерге бөлінетін қаржы 5 есеге артады дегенін білдірді. Екіншіден, медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын күшейтуге жұмсалды. Оның ішінде стационарлық және стационарды алмастыратын көмекті, соның негізінде жоғары технологиялы қызметтерді қаржыландыру деңгейі 25 процентке өседі. Ал, сақтандырылған азаматтарды оналту мен қалпына келтіруге бағытталған емдік шараларға бөлінетін қаражат 2,5 процентке артады. Сондай-ақ, медицина қызметкерлерінің жал-ақысын өсіру мақсатында тарифтерді көтеру де осы қаражат есебінен қаралады.

Ең маңыздысы 2020 жылдан бастап медициналық көмек екі түрлі пакет бойынша көрсетіле бастайды. Біріншісі – кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакеті. Бұл ең минималды стандарттан тұрады. Оған дәрігерлік көмекті қажет ететін шұғыл жағдайларда көмек қажет, жедел жәрдем, санитарлық авиация, бұрақтар созылмалы ауруларды динамикалық бақылау, шұғыл жағдайда стационарда емдеу қызметтері кіреді. Мұны барлық азаматтар пайдалана алады. Жұқпалы емес аурулар мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін жұқпалы аурулар да осы тәртіп бойынша емделеді. Көмектің екінші деңгейі – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті. Бағасы қымбат болып келетін операциялар, сирек мамандардың қабилдауы сынды қызметтер кіретін МӘМС пакетін тек сақтандырылғандар пайдалана алады. Бұл пакетке табысы орташа азаматтардың қалтасы көтере бермейтін МРТ, компьютерлік томография, ПШР-анализ секілді нағыз қазметтік қызметтер де енгізілген. Сондай-ақ, кепілдендірілген тегін көмек пакетіне енгізілген сырқаттарға шалдыққан жағдайда стационарды алмастыратын көмек пен жоспарлы стационарлық көмек пен МӘМС пакеті шеңберінде көрсетіледі.

Ал, жедел жәрдем, шұғыл көмек, әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу, емханадағы бастапқы санитарлық-медициналық көмек, дәрі-дәрмекпен қамту, паллиативтік көмек қызметтері бұрынғыша тегін көрсетіле бермек.

– Жалпы, бір қызмет тегін пакет аясында да, МӘМС пакеті бойынша да көрсетіле беруі мүмкін. Ол пациентін жағдайына байланысты реттеледі. Мысалы, егер пациент шұғыл көмекті қажет ететін болса, көмек мемлекеттік тапсырыс есебінен, ал, жоспарлы болса, МӘМС арқылы көрсетіледі. Осының ара жігін ажырата білген жөн, – деді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Руслан Бектібаев.

Айта кету керек, тегін медициналық көмек ең алдымен Қазақстан азаматтарына, орындар мен елімізде тұрақты тұратын шетел азаматтарына көрсетіледі. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар аурулар мен динамикалық бақылауға жататын сырқаттар да тегін емделеді. Ал, елімізде уақытша тұрақтан шетелдіктер бұл көмекті пайдалана алмайды.

Қызылорда облысында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 2-8-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ПЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облысында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

Table with 2 columns: Жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидалары (1-10), Жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидалары (11-20)

2019 жылдың 3-ші тоқсанына арналған Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының және департамент басшысы орынбасарларының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 6 columns: Мемлекеттік органның атауы, А.Т.Ә., Атқаратын қызметі, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан жері, Байланыс телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Өлең кодексіне және 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қызылорда облысының Әділет департаменті 23-10-09 сенім телефоны жұмыс істейтіні хабарланады.

Қызылорда қаласының кейбір сауда нүктелеріндегі жекелеген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бөлшек сауда бағалары (05.07.2019 жыл) кг/теңге

Table with 15 columns: Атауы, Ақ еуролы, кг, Атауы, Бірінші сортты ұнның ұны, кг, Қарақандық жарма-сың, кг, Атауы, Бірінші сортты ұнның ұны, кг, Қалың піз (бөлке), Атауы, Сирпы еті, кг, Тауық жұмыртқасы, он данасы, Атауы, Ақ еуролы, кг, қырықбағ, кг, Атауы, Басты піз, кг, Атауы, Атауы, Сізб, кг, Атауы, Карпон, кг, Атауы, Ақ еуролы, құшыр, кг

Ескертіне : Әлеуметтік дүкен Байқоңыр ӨКҚ* - «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация» акционерлік қоғамының әлеуметтік дүкені Сыбаға базары - 300** - орташа күнші бағасы Әлеуметтік дүкен Байқоңыр ӨКҚ*** - сирпы еті Ескі базар жанындағы және Универсам м/а орналасқан әлеуметтік дүкендерде сатылады.

Маман қажет Кіріпін зауытына жұмысшылар қажет. Жалақысы 80 000 теңгеден жоғары. Түскі тамақпен қамтамасыз етіледі. Байланыс тел.: 87013359650, 87770582469. (6-4)

Хабарландыру Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қабылдау комиссиясы Ұлттық бірінғай тестілеу қорытындысы бойынша мемлекеттік білім гранттары тағайындау үшін конкурсна өтініштер қабылдау 2019 жылдың 13-20 шілде аралығында жүргізілетінін хабарлайды.

Жарамсыз деп есептелсін Әскербекова Шапағат Дәуренбекқызының атына «Ажол» автотекетіні 2018 жылдың 21 мамырында бітіргені жөнінде берілген №0000366 куәлігінің түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ОЙСАЛАР

Біздің бала күніміз...

Өңгімені неден бастарымды білмей әрі-сәрі боп отырғаным. Ол да заңдылық. Өйткені бала күнімізде әкелеріміз балалық шағы туралы өңгіме айта бастаса, бізге ертегідей көрінетін. Алайда, сол «ертегілерден» ерекше еңбеккерлік пен табандылықты танытыңыз.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Бала күнімізде үйлің қасындағы шағын алаңайда асыр салып ойнайтынбыз. «Ортаға түспек», «Жөмі», «Ақ сүйек» ойнайтын, қала берді балалар үйі-үйге жиналып, «бес тас» ойнаймыз. Ойлап қарасам, сол кезде 8-9-шы класта оқитын естіріп кезіміз екен.

Ойлап қарасам, сол кезде 8-9-шы класта оқитын естіріп кезіміз екен. Сонда да ата-анамыздың тапсырған үй шаруасын бірыңғайлап алып, еш алаңсыз ойнауға кірісетініміз. Қысы-жазы сол, далада ойнаудан жалықпайтынбыз.

Орта мектептерде білім берумен қатар, қарапайым еңбекке тәрбиелеу тәжірибесі қолданылатын. Жоғары класта көшпенді ұқытымызда қоғамдық пайдалы өнімді еңбек деп аталатын аптасына 3 сағаттық арнайы пән бар бола-

қайтады. Ұмытпасам, 20 күндік болды. Ал бізден жоғары оқығандар кірпіш зауытқа кесек құюға барған екен. Айтпақшы, сол еңбегімізге азын-аулақ ақы да беретін. Яғни, еңбекпен тапқан нанның қадірін білгендей болдық. Әрине, бұл жерде біздің жұмысты жапырып тастағанымыз шамалы. Өйтсе де, тың даланың тынысын сезіп, адал еңбектің бағасын ұғынғанымыз рас. Осыдан кейін ата-анамыз үйге шөп орманда қолғабыс беретін болдық.

Жаңа ғасырда адам күшінен гөрі технологияның тегеуріні бөлек екенін бағамдаймыз. Бұл орайда болашаққа қажетті басты мамандықтар іріктеліп, бүгінгі еңбек нарығындағы белсенді мамандықтарды да біразы жойылып кетелі деген болжам бар.

Біздің айтамыз, қандай бір кезеңде болсын, адам ағзасының физиологиялық тұрғыдан өсіп-жетілуде қол еңбегінің орны ерекше. Сол сияқты, табиғаттың тікелей байланыстың да адам ағзасының дамуына әсері айрықша. Бұдан бөлек, туған жердің ой-шұқырын аралап, тіршілік тынысын көңілге түйіп алғанға не жетсін?! Осы орайда өткен жылдан бастап орта мектептердің оқыту бағдарламасына енгізілген «Өлкетану» сабағында жағардай айтып өткеніміздей, жасөспірімдерді еңбекке баулу бағытындағы тәрбиелік шаралар қолға алынса, артық болмас еді...



Талапкер-2019 М.МӘМЕТОВА атындағы ҚЫЗЫЛОРДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ талапкерлерді мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алуға шақырады



Негізгі орта білім (9 сынып) негізінде күндізгі оқу нысаны бойынша

Table with columns: р/с, Білім коды мен бейіні, Мамандығы, Біліктілігі, Орын саны, Түсу емтихандары, Оқу мерзімі. Lists subjects like Kazakh language, Mathematics, Physics, etc.

Table with columns: р/с, Білім коды мен бейіні, Мамандығы, Біліктілігі, Орын саны, Түсу емтихандары, Оқу мерзімі. Lists subjects like Kazakh language, Mathematics, etc.

Жалпы орта білім (11 сынып) негізінде күндізгі оқу нысаны бойынша

Table with columns: р/с, Білім коды мен бейіні, Мамандығы, Біліктілігі, Орын саны, Түсу емтихандары, Оқу мерзімі. Lists subjects like Biology, History, Mathematics, etc.

Талапкерлер келесі құжаттарды тапсыруы қажет: 1. Өтініш 2. Білім туралы құжаттың түпнұсқасы 3. 3x4 сурет - 4 дана 4. 086-У формадағы медициналық анықтама 5. № 088-У нысаны бойынша I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы

АРТРИТ? АРТРОЗ? ҚАШАҢҒЫ ТӨЗУГЕ БОЛАДЫ?!

Advertisement for Artrozerve. Text describes joint health and the product's benefits. Includes image of the product box and bottle.

БӘРЕКЕЛДІ!

Жерлесіміз «Жұлдызды емші» атанды

Advertisement for Nurtai Tursanov. Text describes his role as a folk healer and his achievements. Includes a photo of Nurtai Tursanov.

Простатит пен аденомадан аты аңызға айналған АҚШ препараты

Advertisement for Master Men. Text describes the benefits of the prostate treatment. Includes image of the product box and bottle.